

Жылыой ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 360 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қазанда № 3963 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 12.03.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес Жылыой ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жылыой ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Жылыой ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 174 "Жылыой ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3532 болып енгізілген, аудандық " Кең Жылой" газетінде 2016 жылғы 9 маусымда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жылыой ауданы әкімінің орынбасары Н.Өмірбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Құттұмұрат-ұлы

Жылыой ауданы әкімдігінің 2017 жылғы " 26" қыркүйектегі № 360 қаулысымен бекітілген

Жылыой ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы айына (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ата-ана төлемақысының мөлшері айына (теңге)
Республикалық бюджет есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Балабақша
1635	1225	22412
		Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
		Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
		Бөбек жай Бақша
		Бөбек жай Бақша
		410 495 9020 10890

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ